



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

14.12.2023 ж.

№ 29, 4-т.

Ақмола облыстық кәсіподақ ұйымының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы кәсіподақ ұйымдары жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы

Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының Құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімінің бас маманы Е.Ж. Жұбатқановтың «Ақмола облыстық кәсіподақ ұйымының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы кәсіподақ ұйымдары жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы» ақпаратын тыңдап, талқылағаннан кейін Салалық кәсіподақтың Атқару комитеті **атап өтеді:**

2023 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Ақмола облысының білім беру ұйымдарында 35 462 жұмысшы кәсіподақ ұйымына мүше. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес білім беру ұйымдарында еңбекті қорғау жөніндегі 765 өндірістік кеңестер құрылып, жұмыс істейді. Жұмысты 765 еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар тиімді атқаруда.

Облыстық кәсіподақ ұйымының Кеңесі өз жұмысында салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мәселелеріне үлкен көңіл бөледі. Ұжымдық шарттардың ережелеріне сәйкес жұмыс берушілер жыл сайын білім беру ұйымдарында еңбек қауіпсіздігін жақсартуға қаржы ресурстарын бөледі, қызметкерлерге арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын береді.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 155-бабына сәйкес білім беру ұйымдарында ұжымдық шарттарда және салалық келісімде көзделген еңбекті қорғау жөніндегі міндеттемелерді жұмыс берушілердің орындауына тексерулер жүргізілді.

Кәсіподақ комитетінің жылдық жұмыс жоспарын құру кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша іс-шаралар қарастырылған. 2021-2023 жылдар аралығында 320 еңбек қауіпсіздігі жөніндегі техникалық инспекторлар оқудан өткен.

Сонымен қатар, директордың әкімшілік-шаруашылық істері жөніндегі орынбасарлары еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар болып

сайланып, бекітілген. Бұл – мүдделер қақтығысын тудырады және кәсіподақтар туралы қолданыстағы заңнамаға қайшы келетінін атап өту қажет.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақмола облыстық кәсіподақ ұйымының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы кәсіподақ ұйымдары жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы» ақпарат (қоса беріледі) назарға алынсын.

2. Ақмола облыстық кәсіподақ ұйымының басшы органдары еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша кәсіподақ ұйымдары жұмысының тиімділігін арттыру жөнінде қосымша шаралар қабылдасын.

3. Кәсіподақтың Орталық Комитеті аппаратының Құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі облыстық ұйымға еңбекті қорғау және қауіпсіздігі мәселелері бойынша қажетті әдістемелік және консультативтік көмек көрсетсін.

Төраға



А. Мұқашева